

“ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП”

Айгүл Алпысбаева

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

Әлем таныған белгілі ақындардың шығармаларының өзге тілге аударуылу жайы маңызды ғана емес, сонымен қатар түрлі халықтардың өзара мәдениетаралық байланыстары, құндылықтармен алмасу үрдісіне, яғни әлемдік жаһандану үрдісіне енуі барысында қажетті деңгейде назар аударуды және дұрыс шешімді талап ететін ірі мәселелердің қатарына жатады.

Аударма өмір танытатын, білім тарататын, тәрбие беретін құрал ғана емес, ол сонымен бірге халық пен халықты қауыштырады. Бейнелі сөзбен айтсақ, аудармашы - халық пен халықты таныстырып, достастыратын дәнекер.

Аудару принципі мен аударманың дәлме-дәлдігі туралы ұғым заманалар озған сайын өзгеріп отырады. Мысалы, орта ғасырларда әріпшілдік, сіреспе аударма басым болса, бертін келе, жаңғыру дәуірінде, XVII-XVIII ғасырларда «еркін» аударма етек алды. Одан соң әдебиет әлемінде балама аударма пайда болды.

Шынайы шығармашылыққа еркіндік керек. Дегенмен, тіл аяғынан тұсауын алған ат емес, құйғытып шаба жөнелмейді. Тіл морфологиялық, орфографиялық, синтаксистік ережелерге бағынады. Аударма – биік өнер, ауыр еңбек. Аудармаға қойылатын талап пен талғам да зор.

Көркем аударма көріктеп жазған көшірме емес, түпнұсқаның эмоциялық және эстетикалық ерекшеліктерін екінші тілде түгел мүсіндеу. Мұның үлгілерін біз қазақ поэзиясында алдымен Абайдан табамыз. Ұлы ақын аударған Пушкин, Лермонтов, Крыловтардың ғибратты шығармаларының төл туындымыздай халқымыздың көкейіне қонып, зердесіне ұялауы; аударма өнерінің құдірет-күшін танытуы. Оған классик жазушы, әдебиетші ұлттық әдебиеттанудың күретамыры Абайтану ілімінің дамуына ерен үлес қосқан ғажайып дарын иесі Тәкен Тәңірбергенұлы Әлімқұловтың Абай шығармашылығына арналған «Абай» (1954) монографиясы, М.Әуезовпен бірлесіп жазылған «Из истории казахской литературы» зерттеу мақаласы («О прошлом и настоящем» (1958) еңбегінде) дәлел бола алады. Ал «Әнді сүйсең, менше сүй» («Қазақ әдебиеті». 1970.3.07), «Абайды тану туралы» («Қазақ әдебиеті». 1971.19.03), «Толғауы тоқсан қызыл тіл» («Қазақ әдебиеті». 1971.14.05), «Тағы Абай мұрасы хақында» («Қазақ әдебиеті».1974.5.07) т.б. мақалаларында ұлы ақын өмірі мен әдеби мұрасы, поэзиясының көркемдік-эстетикалық қуаты ғылыми проблемалық сипатта қарастырылды. Кеңестік әдебиеттану ұстанған маркстік-лениндік қасаң ілім шырмауына

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

шырмалмаған еркін ойлы тау тұлға Тәкен Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» (1978) зерттеуінде Абайдың көркем аудармадағы даралық қырын «Ана тілінде айна-қатесіз балама тауып, жүректің қанымен жазудың үлгісін жасады» деген эстетикалық көзқараста бағалайды [1]. Абай аудармаларының табиғатын терең екішеген ғалым ұлы сөз зергерінің көркем аудармадағы эстетикалық әлемін терең саралайды.

Абай қазақша сөйлеткісі келген шығарманың қан тамырын дәл басып, жүрек тынысын дәрігерше тыңдап, мүлтіксіз сөзді М.Ю. Лермонтовтан аударған Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлеңін алайық. Бұл - Абай тілімен «Қараңғы түнде тау қалғып» деп өрнектелген Гетенің «Жолаушының түнгі әні».

Кесте 1

Гете	М.Ю.Лермонтовтың аудармасы	Абай аудармасы
Überallen Gipfeln Ist Ruh In allen Wipfeln Spurest du Kaum einen Hauch; Die Voegelein schweigen im Walde. Warte nur, balde Ruhest du auch.	Горные вершины Спят во тьме ночной; Тихие долины Полны свежей мглой; Не пылит дорога Не дрожат листы... Подожди немного, Отдохнешь и ты.	Қараңғы түнде тау қалғып, Ұйқыға кетер балбырап. Даланы жым-жырт, дел-сал қып, Түн басады салбырап. Шаң шығармас жол- дағы, Сілкіне алмас жапырақ. Тыншығарсың сен- дағы, Сабыр қылсаң азырақ.

Өлеңнің тарихына қысқаша тоқталып өтсек, Гетенің «Ночная песнь странника» – «Жолаушының түнгі жыры» 1780 жылы 7 қыркүйекте түнде Ильменау маңайындағы Кихельхан тауының басындағы ағаш үй қабырғасына қарындашпен жазылған. Кихельхан шыңына жаяу сапар шегіп, И.В. Гете шың түбіндегі аңшы үйінің қабырғасына қарындашпен небәрі сегіз жол өлең жазады. Бұл кейін бүкіл дүние жүзіне танымал болған, сан-алуан тілдерге аударылған әйгілі «Жолаушының түнгі жыры» еді. Бұл лирикалы-философиялық миниатюраның негізгі түйіні, әлеуметтік мәні мен астары, көркемдік құдіреті аса тереңде жатыр. Адамзат өмірі мен тылсым табиғат құбылысының арақатынасын, байланысын, тынымсыз харекет-өмірден кейін тыныштық аңсау тақырыбын тұңғыш көтеріп, көркем бейнелеген көне грек ақыны Алкман (б. з. б. 7 ғ.) болатын. Сонан соң бұл мәңгілік тақырыпты көне заманның ұлы ойшыл ақындары Вергилий, Овидий, Ариосто, Тассо

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

тереңдетіп, құбылтып, толықтыра түсті, өлеңдеріне жаңа қуат берді. Гете «Жолаушының түнгі жырын» солардың үлгісінде жазып, сол ұлы ақындардың дәстүрін жалғастырды, өзіндік соны бояу, жаңа реңк енгізді. Бір ғажабы, Абайдың аудармасы өзіндік, төл шығармадай әсер етеді, «Қараңғы түнде тау қалғыпты» білмейтін, шырқамайтын қазақ жоқ. Оған бір жағынан Абайдың бұл өлеңге жазылған кең тынысты, нәзік өуенді әні себеп болуы керек. Өлең шалыс ұйқас үлгісімен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Текстологиялық салыстырулар бойынша 1909 жылғы жинақта екінші шумақтың алдыңғы екі жолы былай болып келеді:

Шаңдай алмас жолдағы,
Сыбдырламас жапырақ.

Ал, Мүрсейіт қолжазбасында және 1957 жылдан бергі басылымдарда:

Шаң шығармас жолдағы
Сілкіне алмас жапырақ, -

делінген текст сақталынып жүр.

Өлеңнің философиялық түйіні соңғы екі жолында ашылады: «Тыншығарсың сендағы, сабыр қылсаң азырақ». Бұл жолдар Гетеді де, Лермонтовта да, Абайда да дәлме-дәл, сөзбе-сөз өрілген. И. Анненскийдің аудармасында бұл философиялық түйін:

О, подожди! Мгновенье -
Тишь и тебя... возьмет, -

деп берілсе, В. Брюсовтың аудармасында:

Подожди только: скоро
Уснешь и ты,-

деп өрнектеледі.

Ю. Александров соңғы екі жолды
К отдохновенью
Все ближе ты [2, 85], -

деп тәржімалаған.

Гетеді «Жолаушының түнгі жыры» еркін жазылған, буын саны, ұйқасуы да әр алуан. Өлеңді орыс тіліне тәржімалаған И. Анненский, В. Брюсов, Ю.

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Александров ырғақтық дәлдікті мүмкіндігінше сақтауға тырысқан, бірақ нәтижесінде аударма сірескен қалпында қалып, жасандылау шығып, көркемдік күш-қуатын әлсіретіп алған.

Табиғаттың сұлулығын Абай сезіммен, эмоцияға толтыра «Қараңғы түн балбырап ұйқыға кетіп, даланы жым-жырт, дел-сал қылады» деп суреттесе, В. Брюсовтың аудармасында түнгі тыныштық жай ғана «покой» сөзімен алмастырылады:

На всех вершинах
Покой,
В листве, в долинах
Ни одной
Не дрогнет черты.

И. Анненскийдің аудармасында «покой» сөзі «тишь» деп беріледі:

Над высью горной
Тишь.
В листве, уж черной,
Не ощутишь
Ни дуновенья.

Лермонтов, керісінше, Гетенің миниатюрасын еркіндеу аударып, орыс табиғатына лайық бірнеше тың бейне қосып, ырғақ, буын өлшемін дәл сақтамағанымен, түпнұсқадағы ойға, сарынға, сезімге ешбір нұқсан келтірмей, данышпан неміс ақынының философиялық ой-күйін, түйсік-сезім, дүние танымын айқын бере алған. Абай аудармасы жайында да дәл осыны айтуға болады. Ол Лермонтов тәржімесі арқылы ұлы Гетенің жан сырын тап басып, өлеңді қазақ топырағына бейімдеп, ұлттық әр беріп, жаңа, тың жыр туғыза алған. Абайдың шеберлігі, көрегендігі, сезімталдығы, әсіресе үш өлеңді қатар қойып оқығанда ерекше айқындала түседі.

М.Ю. Лермонтовтың «Из Гете» атты өлеңінен аударған өлеңі поэтикалық көркем жолдармен берілген лирикада түнгі тыныштықтағы тамаша табиғат мезеті философиямен астастырылған. Бұл жайлы филология, әдебиеттану және әлем тілдерінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Ануар Тарақұлы «...тамаша тәржімаланған туындылар шоғырында «Қараңғы түнде тау қалғып» атты философиялық лирика да әсем әуезімен көңілді баурап, жүректі әлдилеп әкетті. Абай Гете өлеңінің поэтикалық ырғағын, сөзін, әдемі әуезін, ішкі ойының терең мәнін көңіл көрегендігімен дәл жеткізе білді. Гете ақын, ойшыл ғана емес, суретші, ал Абай болса талантына ақын, философ, композитор. Гете табиғатты сан түрлі бояулармен, кескіндеумен бірге, сол сезімді жүрек сәу-лесімен нұрландырып,

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

керемет жырға айналдырса, Абай сонау алыс елдегі классик ақынның бір ғасыр бұрын жазылған лири-касынан рухани нәр, тамаша әсер алып, поэзиясындағы рухты жүрек лүпілін, көңіл тебіренісін қазақ оқырмандарының көкейіне шуақтандырды. Сыршыл сезімнен туған сұлу әуезді өлеңнің ырғақ-интонациясына, философиялық ой әлеміне бойлап ұлттық поэзия-мызға әдемі үйлестірді» деп жазады [3]. Сұлу да сырлы, ой-сезіммен үндескен ғажайып лирика. Гетенің сегіз жолдық кішкене жауһарында «бар табиғат, күллі әлем сыйып тұр» – деп бағалайды Гете шығармашылығын зерттеуші А. Аникст. Ал тарих ғылымдарының докторы, академик Ислам Қабышұлы «Абай қазақшаға аударған Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» деген әйгілі өлеңі аударма өнерінде кейінгіге үлгі боларлық туындының бірі. Ақынның шығармалары тікелей қазақ тілінен немісшеге аударылып жатса, ол Абайды танытудың тамаша бір жағы болар еді. Екі ғасырдай уақыт өтсе де, батыс пен шығыстың рухани өміріне бойлай енген ұлы ақынның мұрасы, сөз жоқ әлемдік өркениеттің өлшеусіз жетістігі болып табылады» деді [4].

Абай аудармасы төл туындыдай көңілде жатталып, шымырлап бойға енді. Абай әні болып тәтті әуеніне жан-жүректі ұйытты. «Горные вершины Спят во тьме ночной; Тихие долины Полны свежей мглой; Не пылит дорога, Не дрожат листы... Подожди немного, Отдохнешь и ты». Абай осы нұсқадан аударған. Абайдың аудармашы ретіндегі сезімталдығына қайран қалмасқа болмайды. Орыс өлеңі арқылы неміс өлеңінің тіршілік-тынысын тап басуы қандай ғажап! Лермонтов: «Қараңғы түнде тау шыңдары ұйықтайды» десе, Абай «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап» деп қазақшалайды. Сөйтіп, Гетенің өзіндегі «покоится» дегеніне бір табан жақындай түседі. Абай әуелі тауды қалғытады да, содан кейін барып, балбыратын ұйқыға батырады. Өлең оқыған адамды тыныштыққа белеп, маужырат қалғандай болады. Бұл айтылған ойлар Абайдың өлеңін немесе аудармадағы ерекше туындысын оқығанда алатын эмоциялық әсер. Алған әсерімізден қорытынды жасайтын болсақ, Абай тек қана ақын емес, шебер аудармашы деген тоқтамға келеміз. Бірақ кәсіби аудармада аудармадағы лексикалық, синтаксистік саймасайлық деген ұғымдар бар. Яғни аударма мен асыл нұсқадағы тіл бірліктерінің аударылуына қойылатын талаптар. Абай аудармасына жолма-жол талдау жасау арқылы лексикалық және синтаксистік саймасайлықты анықтап көрелік. Абай аудармаларын негізінде екі түрлі деуге болады. Біріншісі - дәл аударма, екіншісі - ерікті аударма. Дәл аудармалары шумақ, бунақ, буын ұйқастарына қарай өзара және екіге бөлінеді. Кейбір өлеңдерді аударғанда Абай шумағын да, ұйқас түрлерін де берік сақтайды. Орыс өлеңдерінің ырғақ, буындары қазақ өлең буындарына дәл келе бермейді. Өйткені орыс өлеңі - тоникалық не силлабо-тоникалық өлең құрылысына жатады да, қазақтікі - силлобикалық өлең құрылысына жатады.

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Кесте 2

Бірінші шумақтың бірінші ой бөлігіндегі тілдік бірліктердің мағыналық саймасайлығы	
М.Ю. Лермонтов	Абай
Горные вершины (Гете бойынша Über allen Gipfeln- тау бастарында; В.Брюсовтың аудармасы На всех вершинах И.Анненскийдің аудармасы Над высью горной Ю.Александровтың аудармасы На высях горных) Спят Во тьме ночной	Тау (ақын дәл мағыналық аударма жасап, тау басы тіркесін қолданбаған) қалғиды, ұйқыға кетеді қараңғы түнде
Бірінші шумақтың екінші ой бөлігіндегі тілдік бірліктердің мағыналық саймасайлығы	
Тихие Долины Полны свежей мглой	дел-сал, жым-жырт дала Түн басады салбырап (бірінші шумақтың соңғы тармағында ақын өзінше ерекше ой қосқан)

Кесте 3

Бірінші шумақтың бірінші ой бөлігіндегі синтаксистік саймасайлық	
М.Ю. Лермонтов	Абай
Горные вершины Спят во тьме ночной (бір ой бөлігінде бір бастауыш, бір баяндауыш)	Қараңғы түнде тау қалғып, Ұйқыға кетер балбырап (бір ой бөлігінде бір бастауыш, екі баяндауыш)
Бірінші шумақтың екінші ой бөлігіндегі синтаксистік саймасайлық	
Тихие долины Полны свежей мглой (бір ой бөлігінде бір бастауыш, бір баяндауыш)	Даланы жым-жырт, дел-сал қып, Түн басады салбырап. (бір ой бөлігінде бір бастауыш пен екі баяндауыш)

Бұл тек өлеңнің бірінші шумағына жасалынған талдау, соңғы төрт жолын алсақ, орысшасына дәлме-дәл. Тек Абай өлеңіндегі синтаксистік ерекшелік, бір ой бөлігінде екі баяндауыштың болуы ақынның табиғат құбылысын толық суреттеуімен байланысты. Себебі М.Ю. Лермонтов тек құбылыстың өзін атаса «Горные вершины спят», Абай бүтіндей процесті сипаттайды «тау бірінші қалғиды, одан барып ұйқыға кетеді». Бұл табиғи заңдылық, адам баласы да бірден ұйқыға кетпейді. Егер ақын жай ғана таулар ұйықтап жатыр деген болса, өлеңді оқып отырғанда бар табиғат құбылысын көз алдымызға елестете алмас едік. Кестеде келтірілген Абай аудармасындағы мағыналық өзгешеліктерді былайша түсіндіруге болады: ең алдымен, Абай тұсында қазақ поэзиясында аударма тәжірибесі жоқ еді. Сол тәжірибені Абайдың өзі жасады. Ал, тұңғыш істе қашан да қиыншылық көбірек кездеседі. Мұның үстіне, Абай аударманы өзінің ағартушылық қызметіне пайдаланып отырды. Сондықтан ол өз бағзы бір шығармаларды тым еркін аударды, арасында өз идеяларын, өз көзқарастарын қосып, соған үндеді. Содан барып ол аударманы қазақ даласының тарихи экономикалық болмысына қарай бейімдеп жіберген де реттері болды. Лермонтов поэзиясының құдіретті күші де, өр мінезі, ызғарлы ызасы, от лепті күрсінуде аудармада дәл берілген. Өзге тіл табиғатын, тынысын тарылтпай, өзінің рухы мен тіршілігін өшіріп алмай, мағынасын бәсеңдетпей, өз ана тілінің табиғатына аялап әкелу көркем аударма деп аталады. Ұлттық қазынаға игілікті сыбаға болып қосылатын аудармалық әдебиеттің табиғаты талай ойшылды толғандырып, талай сөз зергерін сынаған. Қазақ топырағында ысылған реалистік аударма дәстүрі Абайдан басталады. Аударма мәдениеті де сол Абайдан тарайды.

Міне, осылайша Абай атамның «Қараңғы түнде тау қалғып» деп басталатын өлеңінің әуенін тыңдай келе, алған әсерімді саралай келе, ойымды Тәкен Әлімқұлотың мынадай жүрекжарды сөздерімен аяқтағанды абзал көремін: «Абай аудармамен айналысқан кезде орыс әдебиетіне қанық, орыс тіліне жетік еді. Оның екі тілде еркін ойлайтыны: «Айтыңызшы, болсаңыз здравомыслящий» деген тәрізді стихиялық жолдардан да аңғарылады. Көркем аударманы орыс тілі қанына сіңген кезде бастаған Абай қол жетпес үлгілер жасай білді. Ол аударма атаулыны жарысқа түсіріп, жалаң еліктеуден, көлбегей көшіруден, болымсыз бөгделеуден құтқарды. Табиғатында эстет емес, эстетик Абай көкейіне қонатын мәнді, маңызды, күрделі шығармаларды таңдады. Және оларды менменше бейімдеп, бұрмалап, берекесіздендіріп обал жасамайды. Кейінгі кейбір эстет ақындарша ұрлыққа жуымай, түпнұсқасын дәл көрсетіп отырды. Ана тілден айна-қатесіз балама тауып, жүректің қанымен жазудың үлгісін жасады. Қазақ тіліне аударуда біздің күні бүгінге шейін Абай тәжірибесіне соқпай, оған мойын ұсынбай өте алмайтынымыз да – бұрқыраған қайнардың қасиеті бар» [5].

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013
Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Абай аудармалары тілімізді байыта түсті деген қорытындыға келуімізге болады. Жаңа ұғымдар, тың теңеулер, эпитеттер, соны сөз орамдарын, сөз айшықтарын туғызды. Поэзиямызда жаңа ырғақ, жаңа әуен пайда болды. Ойлаудың бейнелі жаңа түрлері шықты.

ӘДЕБИЕТ

1. Сағымбай Ботпайұлы. Тәкен Әлімқұлов және абайтану ілімі. <http://abai.kz/node/>
2. Дәдебаев Ж. Әдеби компаративистика және көркем аударма. - Оқу құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2011. -181 бет.
3. Тарақов Ә. Абай -Лермонтов-Гете: Ой мен сезім үндестігі. <http://abai-inst.kz/>
4. Қабышұлы Ислам. Абай туралы толғау. <http://www.abay.nabr.kz/index>.
5. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Зерттеулер мен мақалалар. - Алматы,1978.